

Екібастұз қаласының жұртшылығына, туған туыстарына, алыс-жақынға сымбатты қалпымен, жарқын істерімен, жасаған жақсылықтарымен белгілі азамат Марат Халелұлы Хамметов дер едік. Өмірі қысқа болмағанда Мараттың жақсы істері жалғаса берер еді деп ойлаймыз. Амал нешік, Аллаһ тағаланың жазуы солай...



ФИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Марат десек көз алдымызда аққу-ба өңді, қара қасты, қарақат көз әдемі жігіт көлбеңдейді. Мектепте оқығаны, Алматы қаласындағы Қазақ политехникалық институтын бітіргені, Екібастұзға келіп инженер болғаны, үйленгені, қызмет бабымен жоғарылағаны, лауазымды қызмет атқарғандары - бәрі-бәрі кешегі өткен күн. Байқасақ, Марат қайнаған еңбектің ортасында, құжынаған адамдардың арасында жүріпті. Адамдардың көңілін, ыңғайын, бабын тауып жұмыс істепті. Жеке басының камын күйттеп қоймай, әлеуметтік мәселелерге араласыпты. Марат қызмет атқарған, қалалық комсомол ұйымын басқарған тұс - Екібастұздың Бүкілодақтық құрылыс орталығы атанған уақыты. МАЭС-тер мен көмір шығаратын кеніштерде жұмыс істейтін адам жетпей, адам саны жетсе, уақыт талабына сай жабдықтар жетпей жататын ол кезде. Қай салада жұмыс істемесін Марат қызметін тез меңгеретін де, күрмеуі көп күрделі мәселелердің дінін дөп басатын. Оның осындай қабілеттері әсіресе "Боғатырь" кенішінде партия ұйымына жетекшілік еткенде айқын көрінді. Беделді мінберлерде, маңызды жиналыстарда, келелі кеңестерде Марат уақыт талабына сай жергілікті кадрды дайындау, оның біліктілігін жетілдіру, көмір сапасын арттыруда кеніш құрал-жабдықтарын модернизациялау мәселелерін жиі көтеретін.

Мараттың қызметтес жолдастарының бірі, қазіргі әкім аппаратының басқарушысы Қанат Кәрімов:

-Марат өз ісін жетік білетін, досқа адал, абзал азамат еді. Ерекше қасиеті - адамдармен тіл табысып, ұжымды ұршықша айналдыратын. Қандай жақсы бастамалар болса, Мәкең соның ортасында жүретін. Үкіметтік деңгейдегі шығып жатқан қаулылар мен директиваларға аса мән беріп, одан өзінше ой қорытатын. Әр нәрсеге зер салып, қисынын келтіретін, яғни орысша айтсақ логикасы мықты болатын. Ойланып барып іске кірісу қабілетін Марат

еліміз тәуелсіздік алып, нарыққа көшкен заманда кәдеге жаратты. Марат алғашқы болып қала әкімінің сауда-саттық жөніндегі орынбасары қызметін атқарды. Бұл жұмысты киналмай дөңгелетіп әкетті. Ол бір қиын кезең болатын. Еліміз нарық заңымен жұмыс істей бастады. Көп жұмысты атқарудың механизмдері, тетіктері қалыптаспаған кез. Көп мәселе тікелей әкімнің шұғыл шешімімен шешіліп жатады. Қателік кетуі оп-онай. Жекешелендіру саясаты кезінде Марат қала әкімінің білікті кеңесшісі бола білді. Бұл жұмысты жең ұшымен емес, ойдағыдай адал атқара білді, қулық жасамады, - деп ағынан жарыла әңгімеледі.

Марат Халелұлы зиялы жанұяда тәрбиеленіп өсті. Әкесі Халел Бекбергенұлы - ұлағатты ұстаз, Кеңес өкіметі тұсында партия қызметінде басшылық қызмет атқарған беделді адамдардың бірі, Екібастұз қаласының құрметті азаматы. Осы күні немере сүйіп отырған, қажылыққа барып келген иманды ардагер болса, шешесі Сәния - қалаға танымал дәрігер. Міне, осындай ортада, отбасында оқу оқып, тәрбие көрген Марат та еліне елеулі азамат болып қатарға қосылды. Жай ғана қатарда жүрген жоқ, алдыңғы лектен көрініп, қатардағы инженерден банк басқарушысына дейін көтерілді. Маратты айта отыра оның жоғары білім алған, өзіне сай жан жолдасы Сәуле Әйтімқызы туралы айтпау дұрыс болмас еді.

Қалай болғанда Мараттың сан қырлы қызметін, адамгершілік мінезін айту, жақсылығын атау келесі ұрпаққа, балаларына өнеге, жора-жолдастарына, туыстарына мақтаныш. Марат өмірі - фибратты ғұмыр.

Өмірден озу барша адамзатқа ортақ. Біреу ерте, біреу кеш кетіп жатады. Ал тура жолмен өмір сүріп артыңа жақсы іс қалдыру, ұрпақ айтар із қалдыру оңай емес. Осындай ізгі істерімен Мараттың есімі, бейнесі замандастарының есінде мәңгі қалмақ.

Ғалия Кәрімова